



**«ИННОВАЦИОННОСТЬ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ»**

халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

25-26 қаңтар 2024

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

**«MODELS AND METHODS FOR IMPROVING THE
EFFECTIVENESS OF INNOVATIVE RESEARCH»**

25-26 January 2024

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

**«МОДЕЛИ И МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ
ЭФФЕКТИВНОСТИ ИННОВАЦИОННЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ»**

25-26 января 2024

Алматы, 2024

ӘОЖ 001
КБЖ 72
И 63

Редакция алқасы:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

И 63 Инновациялық зерттеулердің тиімділігін арттырудың модельдері мен әдістері: халықаралық ғылыми конф. мат. Модели и методы повышения эффективности инновационных исследований: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Models and methods for improving the effectiveness of innovative research. – Алматы: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2024. – 298 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-3779-9

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001
КБЖ 72



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 17.09.91

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІҢ ТІЛІ

А.Т. Мурзатаева

PhD-докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Н.Қ. Мәтбек

Ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлердің тілі қарастырылады. Алтын Орда дәуірі түркі халықтарының отырықшылыққа үйреніп, қала мәдениетінің қалыптасқан, дамыған кезеңі. XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда әбден күшейіп, мемлекет ретінде беделі көтеріліп, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатысып нығайтып шаруашылығы мен мәдениеті өркен жайды. Сол себепті бұл кезеңде жазба әдебиеті де әбден қалыптасқан еді. Жазба жәдігерлердің алдыңғы кезеңдерге қарағанда көбірек сақталғаны да осы Алтын Орда дәуіріне сәйкес келеді.

Түйін сөздер: Алтын Орда, жәдігер, тіл, әдебиет, зерттеу.

Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармалар шағатай тілінде жазылған. Кей ғалымдар бұл тілді қарапайым халық түсінбеген «кітаби тіл» деп те атайды. Осы терминнің қалыптасуы туралы Н.Т. Сауранбаев, Б. Кенжебаев, М.Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Р. Сыздықова, Б.Әбілқасымов, т.б. сынды қазақ ғалымдары өз пікірлерін білдірді. «Кітаби тіл» терминін алғаш рет қолданған академик В.В. Радлов өзінің «Наречия тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінде қазақ халқының әдебиет туындыларын «халықтық сөздер» және «кітаби өлеңдер» деп екіге бөлді. Оның «кітаби өлеңдерді қазақтар жатқа айтпайды, кітаптан оқиды... Олардың сөз саптауында исламдық әдебиеттің немесе кітаби тілдің әсері анық байқалады...» айтқан пікірінде «кітаби тіл» дегені ортағасырлық түркі жазба тілі, ал «кітаби өлеңдер» деп отырғаны – сол тұста 13 қазақ жеріне кең тарай бастаған шығыс әдебиетіндегі мазмұнына құрылған «қиссалар» деп аталған өлең кітаптар мен сол шығыс әдебиетінің аудармалары деп түсінілуі керек [1]. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейін қазақ жазба әдеби тілін Н.Т. Сауранбаев зерттеді. «Орта Азия түріктердің тілі», яғни «шағатай тілі» деп аталатын тілмен аралас деп айтып келе: «Қазақ арасындағы сауатты ақындар қиссаларды, кейбір әңгімелерді шығыс дәстүрі деп осы тілде жазған, бірақ қазақ тілінің ерекшеліктерін көп ендірген» деген пікір білдірді.

Ғалым Б. Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде сол дәуірде баспадан шыққан қазақ тілі кітаптарында араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек тілдерінің кірме сөздерімен аралас жазылғандықтан қарапайым қазақ халқы түсінбеген. Аты қазақ тілінде шығып жүрген кітаптар «түркі» тілінде басылып шығарылды [2]. Кейбір қазақ түркітанушы ғалымдар да (М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов) XIX-XX ғасырдың басында шығарылған қиссалар «бөгде сөздермен былғанған, қарапайым халыққа түсініксіз» қоспа тілде жазылғанын айтады. Ғалымдардың бұл пікіріне профессор Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» атты кітабында білдірген пікірі қайшы келеді. Оның айтуынша «...Орта Азия түркі халықтарында «шағатай» әдеби тілі деп аталатын кітаби тіл қолданылды. Бұл тіл қазақтың халық тілінен өзгеше болды. Соның өзінде халық тілінің негізі сақталады. «Кітаби тіл» қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды... өйткені кітаби тілдің негізі көне түркі тілі – қазақ халқына жат тіл емес» [3]. Р. Сыздықованың пайымдауынша: «Қиссалардың «шағатайшылап» берілуіне бірнеше фактор әсер етті. Біріншісі – жаңа жазба дүниенің авторлары өз туындыларын бұрынғы оқылып келе жатқандардан (шағатайша әдеби үлгілерден) тіл жағынан алшақтамағаны, екіншіден, қиссалардың тақырыбы мен сюжеті шығыс әдебиетінен «түркі» тіліндегі ескерткіштерден алынды». Шағатай тілінде өте сауатты, көзі ашық, мұсылманша жақсы хат таныған қисса авторларының тіліне сол «түркінің» сөз саптауы мен тіл машығы оңай оралып тұруы да себеп болды. Үшіншіден, Ә. Құрышжановтың айтуына қарағанда, «кітаби тіл» діни уағыздамалардың жаны болды, діни қисса өлеңдерді халық санасына жеткізуді «кітаби тіл» өз мойнына алды [4]. Ал Б. Әбілқасымов қазақ әдебиетіндегі «кітаби тіл» терминін екі түрлі мағынада қолданылып жүргенін айтады: біріншісі – шағатай немесе Орта Азиялық түркі әдеби тілінің (түркі) мағынасында; екіншісі – шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі [5]. Жоғарыда айтылған пікірлердің негізінде келесідей Б. Әбілқасымовтың тұжырымына қосылуға болады. Қиссалардың тілінде емле, лексикалық қор, морфологиялық тұлға-тәсілдерді қолдану «шағатай тілі», «кітаби тіл» сипатын алып, бірдей дәрежеде емес, «шағатай» элементтері бірінде аз, бірінде көп кездесіп отырған. Қиссалардағы шағатай элементтерінің азды-көптігі авторына байланысты болды.

Шетел түркітанушылардың пікірінше, ортағасырлық түркі тілі ретінде қарастырылып отырған «шағатай тілі» XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы шығыс түркі халықтарының жазба және сөйлеу тілі болған. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханид тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қараханид мемлекеті ыдырағаннан кейін хорезм мен қыпшақ тілдері таралды. Әмір Темір билігі кезеңінен бастап түркі тайпалары шоғырланған аймақтарда дамыған мәдени-ғылыми ошақтарда кеңінен таралған ортағасырлық түркі жазба тілі, жан-жаққа шашырып кеткен түркі тілдерін біртұтас қалыпқа келтіріп, XX ғ. басына дейін қолданыста болған. Ортағасырлық түркі жазба тілі XV ғасырдан бастап Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл

ретінде қолданылған [6]. Қысқасы, ортағасырлық түркі жазба тілі – Хорасан, Ферғана, Шығыс Түркістан аймақтарындағы әдеби тіл ғана емес, Үндістан, Қазан, Қырым және Осман империясымен ресми қарым-қатынас жасау мақсатында «лингва франка» қызметін атқарған. Ал Самарқанд, Бұхара, Герат, Хиуа, Қокан, Қашқар сияқты ірі қалалары ортағасырлық түркі жазба тілін («шағатай тілі») дін, әдебиет, фольклор және тарих тілі ретінде қолданылған мәдени орталықтар болды.

«Шағатай тілі» деген терминнің өзіндік мағынасы осы күнге дейін бір жүйеге келіп, дәл айқындала қойған жоқ. Алғашқы кездерде «шағатай әдебиеті» дегенге XI-XIX ғасырлардағы барлық түркі тілді әдебиеттерді түгел жатқызып келген болатын. Әбілғазы Баһадүр хан «Шежире-и Теракиме» шығармасының кіріспесінде Темір билігі кезеңінде араб және парсы сөздерімен аралас тілге «шағатай тілі» деген екен. Бұл атауды алғаш рет Х. Вамбери өзінің неміс тілінде жазылған «Çagataische Sprachstudien» (Шағатай тілі зерттеулері, Лейпциг, 1867) атты еңбегінде қолданған [7]. Осы еңбек Батыс Еуропа ғалымдарының арасында бұл терминнің кеңінен таралуына әсер еткен. Кейін Ж. Тюри, М. Хартманн, Я. Экманн сияқты түркітанушылар «шағатай» терминін қолдап, біраз еңбек қалдырды. Е.М. Кватремере, А. Павет де Куртеиль, Ю.Т.Зенкер сияқты француз ғалымдары «шығыс түркі тілі» деген сөз қолданып, «шағатай тілі» деген терминнің синонимі ретінде қарады [8]. Дегенмен зерттеуде «ортағасырлық түркі жазба тілі» терминін қолданылатын болады. Қолжазбаның тілдік ерекшеліктерін анықтау үшін оның жазылған дәуірі ескерілуі тиіс. Осыған байланысты зерттеу нысаны болған қолжазбаның тілдік ерекшелігін белгілі бір кезеңге жатқызу мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың ортағасырлық түркі жазба тілі және оның даму кезеңдеріне [9] шолу жасалынды.

Шетел түркітану ғылымында «шағатай тілі», «шағатай әдебиеті» термині туралы түрік зерттеушісі Ф. Көпрүлү ортағасырлық түркі әдеби тілінің дамуын 5 кезеңге бөлген:

1. Ерте шағатай кезеңі (XIII-XIV ғ.);
2. Классикалық шағатай кезеңнің басы (Науаиге дейін, XV ғ. бірінші жартысы);
3. Классикалық шағатай кезеңі (Науаи кезеңі, XV ғ. екінші жартысы);
4. Классикалық шағатай кезеңінің жалғасы (Бабыр және Шайбиниляр кезеңі, XVI ғ.);
5. Құлдырау және күйреу кезеңі (XVII – XIX ғ.).

Шағатай тілін зерттеуде маңызды рөл атқарған ғалымдардың бірі Я. Экманн шағатай тілінің дамуын үш кезеңге жіктейді [10]:

1. Ерте классикалық кезең (XV ғ. басынан Науаидің 1465 ж. шыққан алғашқы диван жүйесі дейін). Бұл кезең көне түріктердің бірқатар ерекшеліктері сақталған өтпелі кезең. Оның негізгі өкілдері: Секаки, Лүтфи, Атайи, Сейид Ахмед Мырза, Хайдар, Хорезми, Жүсіп, Әмири, Яқини, Ахмеди және Гедаи;

2. Классикалық кезең (1465-1600 ж.). Оның негізгі өкілдері: Хамиди, Шейбани, Үбейди, Мухаммед СӘлих, Меджлиси, Бабур, Байрам хан, т.б.;

3. Классикалық кезеңнен кейінгі кезең (1600-1921 ж.). Бір жағынан Науаи тіліне еліктеушілік, екінші жағынан өзбек тілі элементтерінің ықпалы байқалады. Оның негізгі өкілдері: Әбілғазы Баһадүр хан, Баба Рахим Мешреб, Шайқали, Суфи Яр, Тұрды, Хувейда, Мүнис Харезми, Мухаммед Рыза Агани, Өмер Хан, Надире, Махмур, Үбейдуллах Зевки, Осман Ходжа т.б.

Ескі түркі әдеби тілінің даму тарихы бойынша шетел ғалымдары айтылып жүрген болжамдар кеңес түркітану ғылымында жасаған тұжырымдардан өзгешелеу болып келеді. Кеңес түркітанушылардың бірсыпырасы «шағатай» сөзінің орнына шағатайдан кейінгі кезеңді қамтитын «ескі өзбек тілі» терминін қолдана бастады.

М.А. Щербак «ескі өзбек тілі» X ғасырдан бастау алып, үш кезеңге жіктейді [26, 317 б.]:

I. Алғашқы кезең (X-XIII ғ.);

II. Екінші кезең (XIV-XVII ғ.);

III. Үшінші кезең (XVII-XVIII ғ.).

Осыған ұқсас В.В. Решетов «древнеузбекский» және «староузбекский» деп екі терминді қолданады. Бір топ кеңес түркітанушылар аталған терминдерге қарсылық білдіріп, «шағатай тілі», «шағатайша» терминдерін қолдануға ұсынған. Кеңес Одағында «шағатай тілі – көне өзбек тілі» деген ұғым қалыптасқан болса да, қазіргі таңда ол ғасырлар бойы өмір сүрген Орта Азияның түпкі тұрғындары, яғни қазақ, қырғыз, түрікмен, татар сияқты түркі халықтарына тән ортақ мұра екенін түркітанушылар тарапынан толыққанды қабылданып жатыр.

«Шағатай» сөзі Шыңғыс ханның Шағатай есімді екінші ұлымен тығыз байланысқан. Ол Мәуринахр (Хорезмнен басқа), Жетісу мен Шығыс Түркістан аймақтарында билік жүргізген адам ретінде тарихтан белгілі. Шағатай тілі алғашқы кездерде Шағатай ұлысына бағынатын түркі тайпаларының тіліне байланысты пайда болды. Кейіннен Әмір Темірдің үстемдігі орнаған кезде бүкіл Орта Азия тұратын түркі халықтардың жазба әдеби тілі дәрежесінде айтылып кеткен. Осыған орай А.Н. Самойлович, П.М. Мелиоранский сияқты орыс түркітанушылары шағатай тілін түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай ескі түркі тілін жіктеген төрт топтың бірі деп есептейді [9]:

1. Қараханид түркі тілі (XI-XII ғ.);

2. Қыпшақ-оғыз түркі тілі (XIII-XIV ғ.);

3. Шағатай тілі (XV-XIX ғ.);

4. Өзбекше (XIX ғ.).

Осы классификация негізінде «шағатай» сөзінің мағынасы тарылып, тек «Темір билеген дәуірдегі әдеби тіл» ретінде қолданылған. В.Д. Артамошинаның пікірінше, А. Науаиге дейінгі мен оның замандастарының тілін «Тимуридтер дәуіріндегі ортаазиялық әдеби тіл» деп, ал XV ғасырдың бірінші жартысындағы «Орта Азия түркі тілі» деген атау қолданған. Орыс түркітанушылары

(В.Радлов, Ф.Е. Корш, т.б.) көне ұйғыр тілінен кейінгі Орта Азияның жәдігерлеріне сілтеп, «Шығыс түркі тілі» терминін қолданған. А.К. Боровков Орта Азиялық «Тефсирге» арналған жұмысында «шағатай дәуіріндегі ескі өзбек тілі» деген терминді қолданған, А.М. Щербак Орта Азиядағы түркі тілді халықтардың сөйлеу формасын «шағатай тілі» деп атауды ұсынған. А.Н.Баскаков XIII-XIV ғасырдағы Орта Азиялық түркі тілді әдебиеттер тілін шағатай тілі, XV ғасырдан бастап ескі өзбек тілі болған деп санайды [12].

Түйіндей келгенде, ортағасыр түркі жазба тілі (шағатай тілі) – қазақ халқының ішінде сауатты ұрпақтарына таныс болған, белгілі дәрежеде нормаланған, жазу мәдениетінде біршама уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде пайдаланған түркі тілдес халықтарының ортақ тілі еді. Бұл тіл әр түрлі кезеңдерде өзгеріп отырған. Сондықтан бұл аталған әдеби тілдің әр кезеңдегі сипаты мен атаулары жайлы шетел және кеңес түркітану ғалымдар арасында әр түрлі пікір тудырды. Осыған орай, Р.Сыздықова мен І. Кеңесбаев, Ә.Құрышжановтың пікірлеріне қосыламыз: «Шамамен XV-XVI ғасырлардан бастап тайпалардың өз алдына жеке халық болып қалыптасуына, территориялық жіктелуіне байланысты түркі әдеби тілінің жергілікті нұсқалары пайда болды. Қазақ авторлары да шағатай аталған тілді пайдалана жүріп, өз шығармаларына қазақтың ауызша әдеби тілінің элементтерін (лексика, грамматика) молынан кіргізіп отырды».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әбілқасымов Б., Сейтбекова А. Қазақ тілі тарихында қатысты түркологиялық ізденістер. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2011. – 212 б.
- 2 Кенжебаев Б., Есназаров Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966. – 325 б.
- 3 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988. – 135 б.
- 4 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 5 Әбілқасымов Б., Сейтбекова А. Қазақ тілі тарихында қатысты түркологиялық ізденістер. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2011. – 212 б.
- 6 Eckmann J. Çağatayca el kitabı. Çeviren: G.Karaağaç. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2017. – 232 s.
- 7 Eckmann J. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi üzerine araştırmalar. Yayın hazırl. O.F. Sertkaya. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1996. – 438 s.
- 8 Кеңесбаев І., Құрышжанов Ә., Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1981. – 189 б.
- 9 Шадкам З., Базарқұлова Б.К. Шағатай тілі және оның даму кезеңдері. // ҚазҰУ Хабаршысы, «Шығыстану» сериясы, №4 (74), 2015. – 61-67 б.
- 10 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. (Баспа нұсқалар тілі негізінде). – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.

11 Щербак А.М. К истории узбекского литературного языка древнего периода. Сб. Академику В.А. Гордлевскому к его семидесятилетию. – М., 1953. – 323 с.

12 Щербак А.М. К истории узбекского литературного языка древнего периода. Сб. Академику В.А. Гордлевскому к его семидесятилетию. – М., 1953. – 323 с.